



# SOZAQ ÚNÍ

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

sozak\_uni@mail.ru

№78 (9056)

WWW.SOZAQ-UNI.KZ

СЕНБІ  
22 қазан, 2022 жыл

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## 25 қазан-Республика күні

### Құттықтау!

## Бұл күн басты мерекелердің бірі болып қайта ұлықталды



### Құрметті қауым! Қадірлі аудан тұрғындары!

Баршаңызды Ұлттық мереке 25 қазан-Республика күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. 2009 жылы «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңға өзгеріс енгізіліп, Республика күні мемлекеттік мерекелер

тізімінен шығарылды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайда «Республика күні еліміздің мемлекеттілікке бағытталған тарихи қадамының символына айналуы тиіс» дей отырып 25 қазанды Ұлттық мереке ретінде атап өтуді ұсынды.

Шын мәнінде қоғамдық қолдауға ие болған Республика күні еліміздің басты мерекелерінің бірі болып биыл қайта белгіленді.

Республика күні мазмұны жағынан маңызды тарихи мереке екенін атап өткеніміз жөн. Бұл мерекенің қайта жаңғыруы – Жаңа Қазақстан өкілдерінің өз тарихи бастауын мойындауы. Сондықтан осынау күн тәуелсіздік жолындағы халқымыздың тарихи еңбегінің символы болып қала береді.

### Құрметті жерлестер!

Ұлттық мереке күні отбасыларыңызға амандық, мол бақыт, баянды да ұзақ ғұмыр тілейміз. Еліміз аман, аспанымыз ашық, мемлекетіміз мәңгі, егемендігіміз еңселі, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

**М.ТҰРЫСБЕКОВ,**  
аудан әкімі  
**Б.БАЙҒАРАЕВ,**  
аудандық мәслихат хатшысы.



## Мемлекет басшысына G4 City жобасы таныстырылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысына жұмыс сапары аясында G4 City жобасымен танысты, деп хабарлайды Egeмен.kz Президенттің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Алматы – Қонаев автомагистралінің бойында орналасатын G4 City жобасы аясында Gate District, Golden District, Growing District және Green District атты төрт заманауи аудан салынатыны хабарланды.

«Gate District ауданы қаржылық-іскерлік кластері, Golden District ауданы білім беру және медициналық кластер ретінде дамиды. Ал

экспортқа бейімделген сауда-логистика және инновациялық-индустриялық өнеркәсіп нысандары Growing District ауданына шоғырланады. Green District мәдениет және демалыс ауданында курорттық кешен, гемблинг индустрия нысандары мен арнаулы парктер орналасады. Даму перспективасы бойынша G4 City 2,2 миллионға дейін халық мекендейтін интеграцияланған қала ретінде дамиды. Шетелдік инвесторларды белсенді тарту мақсатында қалада арнайы экономикалық аймақтар құру, жаңа халықаралық әуежай салу жоспарланған», делінген хабарламада.

Мемлекет басшысы атал-

ған жоба бұрыннан талқыланып келе жатқанын еске салып, инвесторлардан жобаның жүзеге асырылу мерзімін нақтылады. Сондай-ақ Президент инвесторларға G4 City қаласында қолжетімді баспана салу, қала орналасатын аумақ халқын тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін қарастырып, жобаның әлеуметтік жағына да мән беру керек екенін атап өтті.

Алматы облысы әкімі Марат Сұлтанғазиев пен Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевқа G4 City қаласын дамыту жөніндегі бас жоспардың тұжырымдамасын бекіту мәселесіне қатысты бірқатар тапсырма жүктетті.

## Созақ ауданы тұрғындарының назарына!



2022 жылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауында дауыс беруге арналған өзінің сайлау учаскесі туралы қажетті ақпарат алу үшін Telegram мессенджерінде арнайы бот іске қосылды ([https://t.me/tur\\_saylaw\\_bot](https://t.me/tur_saylaw_bot)) және Түркістан облысы әкімдігінің ресми сайтында жарияланды (<https://tur.say-law.kz>).

law.kz).

Осы құралдардың көмегімен Сіз 2022 жылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлау күні дауыс бере алатын сайлау учаскесі туралы толық ақпарат (нөмірі, мекен жайы, байланыстары) ала аласыз.

Қосымша сұрақтар болған жағдайда 109 Call-орталығына хабарласуға болады. 109 Call-орталығы 24/7 режимінде жұмыс істейді.

## Қазақстан цифрландыру бойынша озық елдердің қатарында

Азаматтарға электронды қызмет көрсету деңгейі бойынша Қазақстан әлем бойынша 15-орында, ал e-Government бойынша 28-орында тұр. Мұндай деректер БҰҰ мониторингі нәтижесінде белгілі болды, деп хабарлайды Egeмен.kz.

Электрондық үкіметті дамыту рейтингіне 193 мемлекет енген. Ол тізімде Қазақстан 28-орынға табан тіреді.

Алғашқы ондыққа Дания, Финляндия, Корея, Жаңа Зеландия, Исландия, Швеция, Австралия, Эстония, Нидерланды және АҚШ сияқты елдер кірді.

EGDI (E-Government Development Index) Электрондық үкіметті дамыту индексі - онлайн қызметтерді ұсыну, телекоммуникация және адам әлеуеті сияқты маңызды тармақтардан тұрады.

Сондай-ақ индекс - инфрақұрылым және білім деңгейіне қолжетімділік сипаттамаларын қамтып, халықтың ақпараттық технологияларды қалай пайдаланатынын талдайды. EPI (E-Participation Index, EPI) индексі, EGDI-ді толықтырады. Бұл азаматтардың сұрауы бар немесе сұраусыз ашық ақпаратқа қолжетімділігін көрсетеді. Бұл индекс бойынша Қазақстан 15-орынды иеленді.

Бұл көрсеткіштерге мемлекеттік қызметті электронды форматта алу, мобильді қосымшалар мен онлайн төлемдер әсер етеді.

Айта кетейік, 14 қазанда Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша кеңес өткізген болатын, онда мемлекеттік қызметтерді QR арқылы алу мәселесі қаралған еді.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

# ТҮРКІСТАНДАҒЫ келелі кездесу

Түркістан қаласында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жанындағы Сенаторлар кеңесінің Түркістан облыстық мәслихатының депутаттарымен және қалалық, аудандық

жанындағы Сенаторлар кеңесі төрағасының орынбасары Б.Әйтимова және кеңес мүшелері Қ.Сұлтанов, М.Көпеев "Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы" Заңына



мәслихат хатшылары мен тұрақты комиссиялар төрағаларының қатысуымен кездесу өтті.

Арнайы кездесуге ауданымыздан, аудандық мәслихаттың хатшысы, депутат Б.Байғараев, мәслихаттың тұрақты комиссиялары төрағалары, депутаттар Б.Тұрғанбаев, Н.Майусова қатысып қайтты.

Аталаған кездесуге ҚР Парламенті Сенатының жанындағы Сенаторлар кеңесінен оның бір топ мүшелері: Б.Әйтимова, Қ.Айтаханов, С.Джаксыбеков, С.Джалмагамбетова, С.Жалыбын, М.Көпеев, С.Плотников, О.Рахманбердиев, Қ.Сұлтанов, Ә.Құртаев, Ж.Турегельдинов қатысты.

Өз кезегінде, Түркістан облысы мәслихатының хатшысы Қ.Балабиев арнайы сапармен келген Сенаторлар кеңесіне алғыс білдіре отырып, Түркістанның даму тарихы мен елдегі жүзеге асырылып жатқан реформаларға, алдағы сайлау науқандарына тоқталып өтті.

Сонымен қатар, кездесуде ҚР Парламенті Сенатының

және елдегі оң өзгерістер мен қолға алынған бастамаларға, облыстық мәслихат депутаты Қ.Жантөреева шағын және орта бизнеске қолдау көрсетуге байланысты ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Жалпы, Қасиетті Ясауи кесенесінің маңында өткен кездесуде жақсы идеялар, пікірлер мен ұсыныстар айтылып, алдағы іске асырылатын жұмыстар талқыланды.

ҚР Парламенті Сенатының жанындағы Сенаторлар кеңесінің жиынында осы кеңестің Құрметті мүшесі, Созақ ауданын он жылға жуық басқарған Қуаныш Айтаханұлы Айтаханов ағамызды жолықтырып, сәлемдестік. Естелік суретке түстік.

Қуаныш аға Теріскей жұртына ыстық сәлемін жолдап, әрқашанда игі істер мен жағымды жаңалықтарына шын жүректен қуанып, ауыл-ауданнан жырақта болса да тілекші болып жүретінін білдірді.

**Нұржамал МАЙУСОВА.**

## «AMANAT» партиясы

Түркістан облысындағы Қаратау қойнауы тарихи орындар мен мәдени ошақтарға бай. Қаратаудың баурайындағы Сауран, Созақ аудандарында орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау, сакральді мекендер мен қорымдарды қамқорлыққа алу күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі. Осы мақсатта Созақ ауданында «AMANAT» партиясының Түркістан облысы бойынша сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасына сәйкес «Miras» азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі Қоғамдық кеңестің



зу керек. Бұл әрі өңір туризміне де қосылар үлес болар еді. Сонымен қатар, тарихи жәдігерлер туралы мәліметтер мен қос ауданның зиялы қауым өкілдерінің пікірін топтастырып, жинақ етіп шығаруды да қолға алу қажет,- деді ол.

Созақ ауданы әкімінің орынбасары Қ.Оразовтың баяндамасына сәйкес жиын соңында аудан әкімдігі мен мәдениет бөліміне бірқатар тапсырмалар берілді. Атап айтқанда, аумақтағы қирауға жақын және жойылуы мүмкін археологиялық, сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру, оларды қорғау бой-

## ҚАРАТАУДАҒЫ ТАРИХИ МЕКЕНДЕР МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРҒАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ



көшпелі отырысы өтті.

Басқосуды аталған кеңестің төрайымы Қалыма Жантөреева ашып, жүргізді. Жиынға Созақ ауданы әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов, «Turkistan Media Holding» ЖШС-нің басқарушы директоры Тельман Бейсен, кеңес мүшелері Сейдулла Айкөзов, Жазира Исаева, Гүлжанат Дүйсенбаева қатысты. Кеңес отырысында «Қызқорған», «Балақорған» тарихи орындарының қазіргі жай-күйі мен мәселелері, Созақ ауданындағы мәдени ошақтарының ахуалы айтылып, мәдениет

пен өнер саласында атқарылған шаралардың есебі тыңдалды.

Отырыс барысында Қ.Жантөреева аумақтағы тарихи орындарды қорғауға алу арқылы тарихымызды түгендейтінімізді айта келе:

«Қызқорған» мен «Балақорған» ескерткіштері маңынан құрылыс үшін тақта тастарды алу жұмыстарын үйлестіру кезек күттірмейтін проблема. Әйтпесе, бұл тарихи орындар мүлде жойылып кетуі мүмкін. Сол орындарға саяхаттаушы туристерге арнап жол белгілерін орнатып, мобильді қосымшаларды енгі-

ынша міндеттер жүктелді. Сондай-ақ елді мекендердегі орта мектептердің үйірмелерінің сабақтарын Мәдениет үйлерінде өткізуге ықпал жасау мәселесі де сөз болды. Кеңес төрайымы аталмыш тапсырмалардың орындалуы мен жүзеге асуы «Miras» қоғамдық кеңесінің бақылауында болатынын айтып, жиынды қорытындылады.

**«AMANAT» партиясы  
Түркістан облыстық  
филиалының баспасөз  
қызметі.**

## "Күзгі сыр" әдеби-сазды қойылым өтті

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде Созақ өлкесінде дарынды тұлғалардың ізін жалғап жүрген киелі поэзия әлемінде өзіндік үн, өзіндік сыры мен ажары бар, сырлы да нәзік өлеңдерімен оқырман қауымының ыстық ілтипатына бөленіп, сонымен қатар проза жанрында да қалам сермеп жүрген ақын, жазушы, аудармашы Елнұр Қайратұлының шығармашылығына арналған «Күзге сыр» рухани әдеби-сазды қойылымы өтті. Салтанатты шара «Мыңжылқы» мәдениет үйі өнерпаздары қойған «Қасқыр ұлыған түн» атты сахналық қойылымымен ашылады. «Қасқыр ұлыған түн» атты прозасы автордың өмірде болған шынайы оқиғалардан бастау алған. Қазіргі таңда бұл проза монологшы Қуат Ахметжанның оқуымен әлеуметтік желіде 750 мыңнан аса қаралым жинаған.

Аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов құттықтау сөз сөйлеп,



Елнұр Қайратұлына шығармашылық табыс тіледі. Сондай-ақ аудан әкімінің алғыс хаты мен сый сипатын табыс етті. Сонымен қатар ақын, жазушы, халықаралық ақындар айтысының жүлдегері, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан Жазушылар одағының мүшесі Бөрібай Оразымбет пен «Казатомпром - SaUran» ЖШС-нің «Қанжуған кенішінің басшысы Асхар Айтжанұлы өнердің өрісін кеңейтіп жүрген Елнұр Қайратұлына деген ыстық ықыластарын білдірді. Сондай-ақ есімдері елге таныс Сыздық Борсабаев, Байғали Есенәлиев, Дулыға Ақмолда, Салтанат Айбергенова, Сәкен

Майғазиев, Кенжебек Жанәбілов, Иранғайып пен Жолдыбай Мұзаппаров сынды қазақ өнерінің майталмандары бейнебаян арқылы құттықтау тілектерін білдірді.

Мерекелік кешке жиналған қонақтарға «Жігіттер» тобының әншісі, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Ердоқ Қанаев және қазақ ән өнерінде өзіндік орнын қалдырған Созақбай Талғат, Гүлжайна Гибатоллақызы, Гүлжанат Мухамеджан, «Мыңжылқы» мәдениет үйінің әншілері Айдос Әлқуат пен Шамшидин Диана Елнұр Қайратұлының сөзіне жазылған әндерді орындап, кешті әсем әнмен әрледі.

Шара соңында тамаша кештің кейіпкері, ақын аудармашы Елнұр Қайратұлын сахна төріне шығып, еліне, жеріне деген құрметін білдіріп, шығармашылығын бағалаған қауымға алғысын жеткізді.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

## Оқырман ой қосады

## Бауырластыққа сеп болар еді

Құрметті Мақсат Қарғабай! Осы жазған хатым арқылы өзімді біраздан бері мазалап жүрген мәселені назарыңызға салғым келді. Қазіргі уақытта өзіңіздің біраз еңбектеріңізбен танысып. Оның ішінде ауданымыз жайлы біраз дүниенің бетін ашып, көпшілік назарына ұсындыңыз. Ол жұмыстарыңызға ризашылығымды білдіремін. Ал енді негізгі мәселеге келер болсам, 1917 жылы қолдан құрастырылған Кеңес өкіметінің саясатына 70 жыл бойы алданып келдік. Сол кеңес өкіметінің ықпалымен талай мешіттер мен қорымдар жермен жексен етілді. Ондағы айтпағым уақыттың өтуіне орай Шолаққорған ауылы Абай көшесіндегі «Поляктардың» өміріндегі соңғы үйлері дейміз бе, зираты мені алаңдатып отыр. Ол жерге көмілген поляк, жапон азаматтарының аты жөні осы күнге дейін белгісіз. Ол азаматтардың өз елдерінде ағайын-туыс, балалары, жан ашырлары бар емес пе? Сорақасы осы мүрделер үстіне қазіргі уақытта ғимараттар салынуда. Менің ойым ауыл белсенділерін біріктіріп осы аймақты қоршап, абаттандырып, көмілген поляктардың есімдері тасқа қашап жазылса деген ойым бар. Қазақта

сөз бар емес пе «Озған ел тарихын таспен жазады, тозған ел жаспен жазады» деген. Ескерткіш орнатып, марқұмдарды қадірлеп қастерлеп еліне хабар беріп, ұрпақтарын шақырып, екі ел арасындағы достыққа себепкер болсақ деймін. Интернет арқылы біраз ізденіп едім ОҚО атқару комитетінің ІІМ 1 спец бөлімшесі 21.01.1960 жылы Кентау қалалық ІІБ нің бастығы Чергейкоға жапон әскерлерінің зираттарын жоюға бұйрық шығарған. Осылай талай зираттар аты жөндері жойылып жермен жексен болған. Бұл әрекеттерімен Үкімет өздерінің қылмыстық істерін қоғамнан жасырған. Біз сол зираттарды жойып ғимарат салып еріксіз қылмыскер болып келеміз.

Тарихқа үңілсек Кеңес одағы кезінде Түркістан өңіріндегі лагерь, яғни орналасқан жері Кентау Қантағыға №348 санымен нөмірленген екен. Ал әскери тұтқындардың көп болуына байланысты болуы керек. Шолаққорғанға да сол тұтқындарды алып келіп жұмыс жасатқан. Жұмыстың ауырлығы, аштық т.б жағдайлармен тұтқындардың көпшілігі осы жерде өмірлерімен қоштасқан. Шолаққорғанда ол кісілер қандай объектілер салды? Қай жерде тұрды

ешкімнің жұмысы жоқ. Бұл дегеніміз тарих емес пе? Мәселен өркениетті елдерде қазақ солдаттарының мәйітін тауып- (оның үстіне үй салмай)- ескерткіш орнатып туыстарын шақыртып, жол ақыларын керек болса төлеп, рухын дәріптеп жатқан жоқ па, біздің қай жеріміз кем олардан. Қазақстанда сол кездері 10-дай әскери лагерлер болған екен. Соның бірі бізде (суретін жіберермін). Міне осы мәселе бойынша көне көз қариялармен сұхбат жүргізіп, олардың өмірі жасаған жұмыстары жайлы біліп Кентау архивтеріне барып тұтқындарды кім басқарды соның аты жөндерін біліп сол елдер басшыларына хабар беріп кішігірім тарихи кітап жазсаңыз деп Сізге ұсыныс жасап отырмын. Жол сапарыңызға байланысты кез келген уақытта Кентау, Ащысай, Түркістан қалаларына өз келігіммен апарып әкеле аламын. 1947 жылы 5 тамызындағы құжатта сол жылдың 19 наурызындағы санақ бойынша Ащысайда 972 тұтқынның 559 қайтаруға рұқсат алған екен.

**Мұхит ӘШІРОВ,**  
Запастағы полиция  
қызметкері,  
Шолаққорған ауылының  
тұрғыны.

## Өзге тілдің бәрін біл...



Ағылшын тілінің қолданыс аясын кеңейту, тілдің мәртебесін көтеру мақсатында Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп-интернат лицейінде ағылшын бірлестігінің «Enjoy English!» тақырыбында ағылшын апталығы өткізілді. Апталықтың мақсаты-оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен тілін дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, шет тілін құрметтеуге үйрете отырып, оқушыларды ағылшын тілінде еркін сөйлеуге дағдыландыру. Мектебіміздің басшысы Абай Өтебаев Шәріпбекұлының бұйрығымен іс-шаралар ұйымдастырылды. Апталық салтанатты жиынмен басталып, ағылшын тілі мұғалімдерінің жасаған әзірлемесі бойынша жүргізілді.

Апталықтың алғашқы күні ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері Қ.Мантбекова мен Ф.Маханованың ұйымдастыруымен «World for perspective» тақырыбында 9-сынып оқушыларының арасында елтану жобасы өткізілді. Жоба барысында оқушылар шет елдер яғни, АҚШ, Англия, Қытай, Түркия, Германия, Франция тағы басқа елдерді ағылшын тілінде таныстырып, түрлі пайдалы да қызықты мағлұматтар бере алды.

Айтжанова Дана мен Ахметова Жансия мектебіміздің ұстаздары «Shopping day», «Who knows more?» тақырыбында 8-сыныптар арасында қызықты, әрі жеңіл сұрақтар дайындады. Сонымен қатар оқушылар арасында интеллектуалды сайыс ұйымдастырылып, ол жерде түрлі сұрақтар қойылып, қызықты мәтіндерді аударды және ауызша жауаптар болды. Нәтижесінде 8 химия-биология сыныбы тобы жеңімпаз болып табылды. Апта-

лықтың әр күні ғажайып тапсырмаларға толы болды.

Ағылшын тілі мұғалімдері берілген тапсырманы тыңғылықты орындау нәтижесінде Кидирбаева Жанар мен Айтуарова Рыстының да еңбектерін атап өткім келеді. 10 сыныптар арасында «Who is the best pupil?» үш топтан құралған сайыс өткізді. Ол жерде топпен жұмыс болғандықтан өзара сайысып, сұрақтарға дұрыс жауап бергендерге ұпай қосылып отырды. Оқушыларға сурет беріліп, мәтін құрады. Өз ойларын ашық айта білді. Топта оқушылар өз ұйымшылдықтарын көрсете білді. Соңында 10 химия-биология сыныбының оқушылары жеңіске жетті. Мұғалімдер мен оқушыларға мотивация ретінде керемет сөздер жазылған жүрекшелерді хормен ән айта отырып таратып берді. Оқушылар мен мұғалімдер риза көңіл-күйде болды.

Ағылшын тілі пәні бірлестігінің ұстаздары жаңартылған бағдарлама негізінде ашық сабақтар берді. Сабақ слайд арқылы біраз тапсырмалар жасалды. Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым болды. Қалыптастырушы тапсырмалар орындалды. Оқушылар сабаққа белсене қатысты. Кері байланысқа көңіл-күй смайликтері қолданылды.

Апталықтың жабылуы АКТ залында концерттік бағдарламамен жабылды. Ағылшын бірлестігінің мүшелерінің ұйымдастыруымен өтілді. Апталықтың жабылу салтанатында оқушылар өздерінің өнерлерін ағылшын тіліне деген қызығушылықтарының үстем екенін көрсетті. Апталыққа белсене қатысқан оқушылар марапатталды, әрі сыйлықтар берілді. Апталықтың жақсы өтуіне үлесін қосқан пән мұғалімдері Махмудова Нұргүл, Ахметова Жансия және Айтуарова Рыстының еңбектері атап өтілді. Оқушылар апталықтан жақсы әсер алып, белсенділіктері артып, пәнге деген қызығушылықтары жоғарылады. Мектеп әкімшілігі тарапынан оқушылар алғыс хатпен марапатталды.

**Дана АЙТЖАНОВА,**  
Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп  
лицей-интернатының ағылшын тілі  
пәні мұғалімі.

2022 ЖЫЛ 20 ҚАРАША

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫӘР АЗАМАТТЫҢ ДАУЫСЫ  
МАҢЫЗДЫ

20 ҚАРАША 2022

Қазақстан Республикасының  
Президенттігіне кандидатқа  
қойылатын талаптар туралы

- Кандидат тумысынан Республика азаматы болып табылатын;
- 40+ Қырық жасқа толған;
- Мемлекеттік тілді еркін меңгерген;
- Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын;
- Жоғары білімі бар;
- Мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымдарда кемінде 5 жылды құрайтын жұмыс тәжірибесі бар;
- Белсенді сайлау құқығына ие азамат болуы тиіс.

Кандидаттарды республикалық қоғамдық бірлестіктер ұсынады.

Кандидаттарды ұсыну  
2022 жылғы 11 қазан сағат 18:00-де аяқталады.  
Кандидаттарды тіркеу  
2022 жылғы 21 қазан сағат 18:00-ге дейін.Сайыстан жүлдемен  
оралды

Өткен аптада Ордабасы ауданы, Қараспан елді мекеніндегі Б.Оңтаев атындағы жалпы орта мектебінің базасында 9-10 сынып оқушылары арасында жас тарихшылардың «Менің шағын Отаным» атты республикалық интеллектуалдық конкурсының облыстық кезеңі болып өткен болатын. Аталған конкурсқа Түркістан облысы бойынша 17 аудандық, қалалық мамандандырылған білім беру ұйымдарынан 118 оқушы қатысты.

Олсы конкурсқа ауданымыздан Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп лицей-интернатының 10 сынып оқушысы Есенгелді Әйгерім аталған мектептің мұғалімі Жүзбаева Ләззаттың жетекшілігімен қатысқан еді. Оқушымыз конкурс нәтижесі бойынша «Менің кіші Отанымның тарихы» номинациясы бойынша жүлделі III орынды иеленіп, ұстаздары мен мектеп ұжымын қуанышқа бөледі.

\* \* \*



Сондай-ақ, сол аптада Шымкент қаласы, Ж.Ташенов атындағы университет базасында жаратылыстану-математика цикл пәндері бойынша XV Президенттік олимпиаданың өңірлік кезеңі өтті. Олимпиадаға жалпы 71 оқушы қатысып, қорытынды бойынша мектебіміздің 11 сынып оқушысы Айдарбек Ерқанат жүлделі II орынға ие болды.

**Ләззат ЖҮЗБАЕВА,**  
Т.Әлімқұлова №14 мектеп лицей-интернатының  
мұғалімі.





## Атауы жоқ көшедегі жергілікті қоғамдастық жиналысының ХАТТАМАСЫ

Құмкент ауылы «17» қазан 2022 жыл  
Жиналыс Құмкент ауылдық округіне қарасты атауы жоқ көшеде сағат 10:00-де өтті.

Жиынға қатысқандар: Құмкент ауылдық округі әкімі Ф.Пәрдебекұлы, Құмкент ауылдық округі әкімінің кеңесшісі басқарушысы Б.Әбішев, Құмкент ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Е.Досболов, тұрақты қоғамдастық кеңестің төрағасы С.Асқанбеков, Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының инфрақұрылым және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жөніндегі бас маман Н.Төлеуов және аталған көшедегі қоғамдастықтың өкілдері мен мүшелерінен 7 адам қатысты.

«Ашылсын» деген өкілдердің дауысқа салынып, қарсы, қалыс жоқ жиналыс ашық деп жарияланды.

Ф.Пәрдебекұлы күн тәртібімен таныстырып өтті. Күн тәртібімен келісіп алайық.

Атауы жоқ көшеге «Төле би» деген жаңадан атау беру.

(хабарламашы Ф.Пәрдебекұлы)

Күн тәртібінде мәселелерге қосып аларларыңыз бар ма?

Жоқ болса, дауысқа саламын. Қарсы, қалыс жоқ. Келісілді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ауылдық округі әкімі Ф.Пәрдебекұлы хабарлама жасай келіп, көше атаулары облыстық ономастикалық комиссияның ұсынған тізімі бойынша таңдап алынып және көшеде жиналыс өткізуге аудан әкімінің келісімі алынғандығын айта келе, «Төле би» жаңа атауын бекітілгендігін және Сіздердің келісім берулеріңізді сұранамын деді.

Қоғамдастық мүшелерінің ортақ келісімдері бойынша атауы жоқ көшеге «Төле би» деген жаңа атау беру жөнінде дауысқа салынып қарсы, қалыс жоқ, бірауыздан бекітілді.

Жиналыс төрағасы \_\_\_\_\_ Ф.Пәрдебекұлы

Хатшысы \_\_\_\_\_ Н.Төлеуов

## Атауы жоқ көшедегі жергілікті қоғамдастық жиналысының ХАТТАМАСЫ

Құмкент ауылы «17» қазан 2022 жыл  
Жиналыс Құмкент ауылдық округіне қарасты атауы жоқ көшеде сағат 11:00-де өтті.

Жиынға қатысқандар: Құмкент ауылдық округі әкімі Ф.Пәрдебекұлы, Құмкент ауылдық округі әкімінің кеңесшісі басқарушысы Б.Әбішев, Құмкент ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Е.Досболов, тұрақты қоғамдастық кеңестің

төрағасы С.Асқанбеков, Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының инфрақұрылым және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жөніндегі бас маман Н.Төлеуов және аталған көшедегі қоғамдастықтың өкілдері мен мүшелерінен 5 адам қатысты.

«Ашылсын» деген өкілдердің дауысқа салынып, қарсы, қалыс жоқ жиналыс ашық деп жарияланды.

Ф.Пәрдебекұлы күн тәртібімен таныстырып өтті. Күн тәртібімен келісіп алайық.

Атауы жоқ көшеге «Қазыбек би» деген жаңадан атау беру.

(хабарламашы Ф.Пәрдебекұлы)

Күн тәртібінде мәселелерге қосып аларларыңыз бар ма?

Жоқ болса, дауысқа саламын. Қарсы, қалыс жоқ. Келісілді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ауылдық округі әкімі Ф.Пәрдебекұлы хабарлама жасай келіп, көше атаулары облыстық ономастикалық комиссияның ұсынған тізімі бойынша таңдап алынып және көшеде жиналыс өткізуге аудан әкімінің келісімі алынғандығын айта келе, «Қазыбек би» жаңа атауын бекітілгендігін және Сіздердің келісім берулеріңізді сұранамын деді.

Қоғамдастық мүшелерінің ортақ келісімдері бойынша атауы жоқ көшеге «Қазыбек би» деген жаңа атау беру жөнінде дауысқа салынып қарсы, қалыс жоқ, бірауыздан бекітілді.

Жиналыс төрағасы \_\_\_\_\_ Ф.Пәрдебекұлы

Хатшысы \_\_\_\_\_ Н.Төлеуов

## Атауы жоқ көшедегі жергілікті қоғамдастық жиналысының ХАТТАМАСЫ

Құмкент ауылы «17» қазан 2022 жыл  
Жиналыс Құмкент ауылдық округіне қарасты атауы жоқ көшеде сағат 12:00-де өтті.

Жиынға қатысқандар: Құмкент ауылдық округі әкімі Ф.Пәрдебекұлы, Құмкент ауылдық округі әкімінің кеңесшісі басқарушысы Б.Әбішев, Құмкент ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Е.Досболов, тұрақты қоғамдастық кеңестің төрағасы С.Асқанбеков, Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының инфрақұрылым және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жөніндегі бас маман Н.Төлеуов және аталған көшедегі қоғамдастықтың өкілдері мен мүшелерінен 6 адам қатысты.

«Ашылсын» деген өкілдердің дауысқа салынып, қарсы, қалыс жоқ жиналыс ашық деп жарияланды.

Ф.Пәрдебекұлы күн тәртібімен таныстырып өтті. Күн тәртібімен келісіп алайық.

Атауы жоқ көшеге «Әйтеке би» деген жаңадан атау беру.

(хабарламашы Ф.Пәрдебекұлы)

Күн тәртібінде мәселелерге қосып аларларыңыз бар ма?

Жоқ болса, дауысқа саламын. Қарсы, қалыс жоқ. Келісілді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ауылдық округі әкімі Ф.Пәрдебекұлы хабарлама жасай келіп, көше атаулары облыстық ономастикалық комиссияның ұсынған тізімі бойынша таңдап алынып және көшеде жиналыс өткізуге аудан әкімінің келісімі алынғандығын айта келе, «Әйтеке би» жаңа атауын бекітілгендігін және Сіздердің келісім берулеріңізді сұранамын деді.

Қоғамдастық мүшелерінің ортақ келісімдері бойынша атауы жоқ көшеге «Әйтеке би» деген жаңа атау беру жөнінде дауысқа салынып қарсы, қалыс жоқ, бірауыздан бекітілді.

Жиналыс төрағасы \_\_\_\_\_ Ф.Пәрдебекұлы

Хатшысы \_\_\_\_\_ Н.Төлеуов

## Атауы жоқ көшедегі жергілікті қоғамдастық жиналысының ХАТТАМАСЫ

Құмкент ауылы «17» қазан 2022 жыл

Жиналыс Құмкент ауылдық округіне қарасты атауы жоқ көшеде сағат 16:00-де өтті.

Жиынға қатысқандар: Құмкент ауылдық округі әкімі Ф.Пәрдебекұлы, Құмкент ауылдық округі әкімінің кеңесшісі басқарушысы Б.Әбішев, Құмкент ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Е.Досболов, тұрақты қоғамдастық кеңестің төрағасы С.Асқанбеков, Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының инфрақұрылым және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жөніндегі бас маман Н.Төлеуов және аталған көшедегі қоғамдастықтың өкілдері мен мүшелерінен 10 адам қатысты.

«Ашылсын» деген өкілдердің дауысқа салынып, қарсы, қалыс жоқ жиналыс ашық деп жарияланды.

Ф.Пәрдебекұлы күн тәртібімен таныстырып өтті. Күн тәртібімен келісіп алайық.

Атауы жоқ көшеге «Абылай хан» деген жаңадан атау беру.

(хабарламашы Ф.Пәрдебекұлы)

Күн тәртібінде мәселелерге қосып аларларыңыз бар ма?

Жоқ болса, дауысқа саламын. Қарсы, қалыс жоқ. Келісілді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ауылдық округі әкімі Ф.Пәрдебекұлы хабарлама жасай келіп, көше атаулары облыстық ономастикалық комиссияның ұсынған тізімі бойынша таңдап алынып және көшеде жиналыс өткізуге аудан әкімінің келісімі алынғандығын айта келе, «Абылай хан» жаңа атауын бекітілгендігін және Сіздердің келісім берулеріңізді сұранамын деді.

Қоғамдастық мүшелерінің ортақ келісімдері бойынша атауы жоқ көшеге «Абылай хан» деген жаңа атау беру жөнінде дауысқа салынып қарсы, қалыс жоқ, бірауыздан бекітілді.

Жиналыс төрағасы \_\_\_\_\_ Ф.Пәрдебекұлы

Хатшысы \_\_\_\_\_ Н.Төлеуов

# Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының мәжіліс залында 2022 жылдың 29 сәуір күні, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында, қоғамдық келісім жалпы ұлттық бірлікті, елдің ынтымағы мен бірлігін нығайту тақырыбында жиын өтті.

Жиынға, ақын ҚР Мәдениет қайраткері, Қ.Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестіктің төрағасы, Созақ ауданының Құрметті азаматы М.Асқаров және С.Қожанов атындағы музей директоры Н.Дүйсенбек ағалар келіп қатысты.

Жиынды ауыл әкімі Ф.Пәрдебекұлы жүргізіп отырды. Алғашқы сөзді М.Асқаров алып сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды тақырыбында біраз әңгіме өрбітті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда өскелең ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқарады. Тек жас кезінен мінез-құлықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын енгізу бұл әлеу-

## Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 4-724, 8700-467-93-72, 4-727, 8700-467-93-75 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

**«Созақ ауданының Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.**

меттік зұлымдықты жоюға мүмкіндік береді. Бала кезінен тұлғаны қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухын-

да тәрбиелеу маңызды болмақ. Талай сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асырған кездегі құқықтық сауаттылығы әлсіздігінің салдары болып табылады. Осыған байланысты, халық арасында кең ауқымды түсіндіру жұмысы, олардың жасын, кәсіби және өзге де ерекшеліктерін ескере отырып, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру жөніндегі жүйе қалыптасуы тиіс екендігін айтып өтті.

Ел бірлігі – ең асыл қасиет. Бірлік – біздің қасиетті туымыз. Үдеудің сыры – бірлікте, жүдеудің сыры – алауыздықта. Бірлігі жақсының тірлігі тапшы болмайды. Біздің бабаларымыз тірі болуы үшін бір болған, біз ірі болу үшін бір болуымыз керек. Тек бірлесіп қана, бүкіл халықтың күш-жігерін біріктіріп қана біз алға баса аламыз. Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ деп өз сөзін тәжырымдап айтты.

Жиында екінші сөз алған Н.Дүйсенбек, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алғышартты қадамы ол, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана -адамгершілік және адамгершілікке жат қылықты, құқықтық және құқықтық емес, заңды және заңсыздықты көрсетіп береді.

Жалпы ұлттық бірлікті, елдің ынтымағы мен бірлігін нығайту туралы айтар болсақ, біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпы ұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз. Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда болу керек. Ел бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті деп сөзін аяқтады.

«Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру» бойынша аудан әкімі бекіткен кешенді жоспар негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихаттау мақсатында көше аралау арқылы брошюралар таратылды.

**Б.ӘБИШОВ,**  
Құмкент ауылдық округі әкімінің кеңесшісі басқарушысы.



Table with 3 columns: Indicator, 2022 жылғы Қаңтар-қыркүйек, 2022 жылғы қаңтар-қыркүйектің, 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекке, %-бен. Categories include demographic indicators, economic indicators, and sectors.

КӘСПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ 2022 ЖЫЛҒЫ
1 ҚАЗАНҒА ТІРКЕЛГЕН ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР

Table with 2 columns: Indicator, 2022 жылғы 1 қазандағы бірлік. Includes metrics like барлығы, мемлекеттік, жеке, etc.

Table with 4 columns: Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы, ШОК заңды тұлғалары, дара кәсіпкерлер, Шаруа (шаруа-фермер) қожалықтары. Includes summary statistics for 2022 and 2021.

ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ
2022 жылғы қаңтар-қыркүйектегі халықтың жекелеген жұқпалы ауруларға шалдығуы

Table with 8 columns: IKA тобы, Брюцел лез, Жіпті вирустық гинатит, Жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпалары, Тұмау, Менингококк жұқпасы, Тыныс жолдары түбержу лез, Мерез.

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ
2022 жылғы қаңтар-қыркүйектегі ауырлық сипаттары бойынша тіркелген қылмыстар саны

Table with 5 columns: ауыр, ерекше ауыр, ауырлығы орташа, онша ауыр емес, қиянқылдықтар. Shows counts for various crime categories.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін ұтымды пайдалану бойынша

Құрметті жер пайдаланушылар!
Пайдаланылмай жатқан немесе (қайта игеруге кіріскен), шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін беру төменде көрсетілген Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларға сәйкес, заңда көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады.

лық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады); АЕК)
20 есеге ұлғайтылған жер салығының базалық мөлшерлемесін есептеу (ҚР Салық Кодексінің 509-бабы)
Жер учаскесіне ауыртпалық салу (ҚР Жер кодексінің 94-бабы) тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар жойылмаған жағдайда жер учаскесін мәжбүрлеп алып қою;

Жерді пайдаланбау жағдайларына мыналар жатады:
-егістікте-жер учаскесін ауыл шаруашылығы дақылдарын егуге өңдеу жөніндегі жұмыстардың жүргізілмеуі;
-шабындықтарда-жер учаскесінде шөп шабудың жүргізілмеуі, оны ара шөптердің, бұталардың, шіліктердің басып кетуі және шөп бітіктігі жұтануының өзге де белгілерінің болуы;

Сондай-ақ жерді пайдалану бойынша өз мүмкіндіктерін нақты және барабар бағалау. Жерді пайдалану мүмкін болмаған жағдайда, жерді мемлекетке өз еркімен қайтару мәселесін қарауды сұраймыз.
Олай болмаған жағдайда, тексерулер заңнамада көзделген барлық ықпал ету шараларын қолдана отырып, өздерін кутуге мәжбүр болмайды.

Жер пайдаланушыларды ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауға сендіре шақырамыз.
Сондай-ақ жерді пайдалану бойынша өз мүмкіндіктерін нақты және барабар бағалау. Жерді пайдалану мүмкін болмаған жағдайда, жерді мемлекетке өз еркімен қайтару мәселесін қарауды сұраймыз.

Стафилококк қоздырғышы

Стафилококк қоздырғышы Staphylococcus деп аталатын бактериялар туысынан туындайды. Staphylococcus бактерияларының 30-дан астам штамдары (түрлері) бар және адамның ең көп тараған қоздырғышы Staphylococcus aureus болып табылады.

Стафилококк қоздырғышы

қабаттары зақымдалады, жаралар, сыздауықтар, күбірткелер пайда болады. Бұл теріде қайнайды, көпіршіктерді және қызаруды тудыруы мүмкін. Стафилококктар сонымен қатар жарақат инфекцияларын туындатады. Акушерлік тәжірибеде стафилококктың ролі зор, өйткені жаңа туылған нәрестелер оған өте сезімтал.

А.КУЛМАНОВ,
ҚР ДСМ СЗБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК ТО бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімше бастығы С.БЕКТІБӘЕВА, Зерханашы.

Сенімгерлік басқарушы:
"Agro-sozak" ЖШС
Меншік иесі-
"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор:
Абилпаттаев Ержан БАҚЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:
Аға тілші- Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер- Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер- Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші- Бағила АЯЗБАЕВА

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450
Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана
Кезекші редактор:
Н.Шертаев